

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық
офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық
АНЫҚТАМА

Шымкент қаласы

17.05.2024 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (Бұдан әрі – Ішкі талдау)
жүргізуге негіздеме:

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабының 5- тармағына;

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)
Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 21 бұйрығы негізінде;

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық
офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын)
басшысының 2024 жылғы 11 сәуірдегі «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы» 96-н/қ бұйрығы

2. Аурухана бойынша мәлімет:

Түркістан облысы әкімдігінің 11.08.2021 жылғы «Түркістан облысы ҚДБ
«Облыстық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК қайта құру туралы» №173
Қаулысына және «ҚР бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан
облысы бойынша департаменті» РММ-нің 23.09.2021 жылғы «Түркістан
облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық
офтальмологиялық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын құруға келісім беру туралы» №39-н/қ
бұйрығына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігінің 22.12.2021 жылғы №282
Қаулысы негізінде Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы»
МКК-ның Жарғысы бекітіліп, БСН 220140019544 заңды тұлғаны тіркеу
бойынша анықтама, медициналық (11.04.2022ж.), фармацевтикалық
(16.06.2022) қызметтермен айналысуға және денсаулық сақтау саласында
есірткі құралдардың, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына
байланысты қызметпен айналысуға (11.07.2022) рұқсат берілген лицензиялары
негізінде 01.08.2022 жылдан бастап «Түркістан облысы ҚДБ «Облыстық
офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ны «Түркістан облысы ҚДБ

«Облыстық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нан бөліп шығару жолымен қайта құрылды.

Түркістан облысы әкімдігінің 24.04.2023 жылғы №67 Қаулысына сәйкес, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының шарушылық жүргізу құқығындағы «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» МКК-ны Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шарушылық жүргізу құқығындағы «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» МКК-ны болып ауысуына байланысты аурухана Жарғысы қайта бекітіліп, БСН 220140019544 заңды тұлға 02.05.2023 жылы қайта тіркеліп, рұқсат беру лицензиялары қайта жаңартылды.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің ережелері мен талаптарына және Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес, 2023 жылдың 16-18 қазан аралығындағы тексеру нәтижесіне орай, Ұлттық аккредиттеу орталығының сыртқы кешенді бағалау және аккредиттеу жөніндегі комиссияның шешімі (03.11.2023 жылғы №154 бұйрық) негізінде Облыстық офтальмологиялық ауруханасы 3 жыл мерзімге Бірінші санат тағайындалып, аккредиттелген мекеме болып танылды.

3. Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының мүшелері:

Басшының медициналық сапасын бақылау жөніндегі орынбасарының м.а. М.Н.Кыдырбаева, №2 микрохирургия бөлімінің меңгерушісі Н.А.Байдеуов, дәрігер-офтальмолог Е.Ж.Сыбанқұл, материалдық есепші Ғ.Батырбекқызы, комплаенс офицер Ж.С.Мусабекова

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

17.05-28.06.2024 жыл

5. Ішкі талдау қамтылған кезең:

07.08.2023-17.05.2024 жылдар аралығы

6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Бөлім басшылары мен қызметкерлері тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеулер болмады.

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

Талдау объектісінің ұйыдастырушылық-басқарушылық қызметі:

1. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Құжаттамалық рәсімдеулері;
4. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Талдамалық АНЫҚТАМА:

1. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастар:

Жұмысқа қабылдау кезінде Еңбек kz еңбекке орналасу порталы арқылы жарияланып, ауруханада қызметкерлерді жұмысқа қабылдау тәртібі туралы ауруханаішілік бұйрыққа сәйкес, комиссия отырысымен сұхбаттасу арқылы жұмысқа орналасады, (2023 жылдың ақпан айынан бастап үміткерлерді jumys «SmartNation» порталындағы денсаулық сақтау ұйымының орта медициналық персоналының (мейіргер, фельдшер, акушер, зертханашы) бос орындарға конкурстық іріктеуге қатысып, jumys «SmartNation» порталындағы қадамдардан өтіп, бос және уақытша бос орындарға орналасушылардың жұмысқа сәйкестігін, білім деңгейін және біліктілігін анықтау үшін сұхбаттасу жұмыстары жіргізіліп келген.. Алайда, 2023-2024 жылдары портал жүйесі толығымен жұмыс істемеуіне байланысты, портал арқылы үміткерлерді қабылдау токтатылған. 2024 жылдың мамыр айынан бастап «InCraft» ЖШС-мен тұрған келісім шарт негізінде қазіргі таңда портал қайта іске қосылды.) **сұхбаттасу жүргізбей жұмысқа қабылдау орын алмаған. 2023 жылдың 07 тамыз айынан бастап 13 қызметкер (2 дәрігер-офтальмолог, 1 провизор, 1 материалдық есепші, 5 тазалықшы, 4 қазандық операторы), 2024 жылы 17 мамыр айына дейін 7 қызметкер (1 дәрігер-офтальмолог, 1 қоса атқарушы дәрігер-офтальмолог, 1 қоса атқарушы мейіргер, 3 тазалықшы және 1 жылыту қазандығының операторы) жұмысқа қабылданды. Ауруханаішілік маусымдық жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарда жұмыскерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктері бойынша бабы көрсетілмеген.**

Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде Құқық бұзушылықтар анықталмады.

Жұмыс берушінің қызметкерлерге қолдау көрсету шаралары туралы (сыйақы, материалдық көмек және т.б.):

Ауруханада 2023 жылы 07 тамызынан бастап үнемделген қаржы есебінен 4 рет (23.10.2023ж. «25-қазан Республика күні мерекесіне» орай, 27.12.2023ж. «Жаңа жыл» мерекесіне орай және 06.10.2023ж. «Есепшілер күні» мерекесіне орай тәртіптік шаралары ескеріле отырып, барлық қызметкерлерге және 13.11.2023 ж. «15 қараша Ұлттық валюта-теңге күні» мерекесіне орай есеп-қисап бөлімінің қызметкерлеріне) сыйақы тағайындалып, 02.02.2024ж. (аурухананың жұмысын және қызметкерлердің көрсетілген қызметтердің сапасын арттыруға қосқан үлесін бағалау нәтижесінде 2023 жылдың 4 тоқсан нәтижелері бойынша бөлім меңгерушілерінің ынталандыру бойынша ұсыныстары негізінде), сараланған (дифференциалды) сыйақы берілген.

2023 жылдың 25 тамыз күні әкімшіліктің қолдауымен 1-қыркүйек Білім күніне орай, қызметкерлердің жұмысқа деген ынтасын арттыру мақсатында, бірреттік көмек ретінде, аурухананың кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен қызметкерлердің бастауыш сыныпта оқитын балаларына кеңсе тауарлары мен мектеп сөмкелері сыйға тартылды және 2024 жылы 1 қызметкерге (онкологиялық диагноз қойылуына байланысты) материалдық көмек көрсетілген.

Сыйақы беру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

Жұмыс берушінің бастамасымен шығарылған қызметкерлер туралы:

Ауруханаішілік 01.11.2023 жылғы «Жұмыстан босату туралы» №454-ж/к бұйрығына сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған, бұйрықта еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу тәртібінің баптары көрсетілмеген (алайда, еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу тәртібі сақталған). Өз еркімен 2023 жылы 9 қызметкер, 2024 жылы 9 қызметкер, оның ішінде 4 қазандық операторымен маусымдық жұмыстың аяқталуына байланысты еңбек шарты бұзылды.

Қызметкерлерді жұмыстан шығаруда **сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.**

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер туралы:

Ауруханада 2023 жылы 13 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке (тікелей басшыларының қызметтік хаттары, этикалық комиссиясы, емдеу және бақылау комиссиясы, наукастардың құқығын қорғау және талдау комиссиясы, пациентті қолдау қызметі отырыстарының хаттамалары және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасы, өз түсініктемелері негізінде) тартылған, тексеру барысында ауруханаішілік «Тәртіптік шара қолдану туралы» бұйрықтары бойынша тәртіптік жаза қолдану тәртібі сақталмағандығы анықталды (Жасалған тәртіптік теріс қылық фактісі бойынша түсініктеме беру туралы талап нысаны ресімделмеген, бұйрықта бабы көрсетілмеген, бұйрықтың тақырыбы еңбек кодексінің талаптарына сай емес және бірнеше адамға бір бұйрық шығарылған, құпиялылық сақталмаған).

2024 жылы тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар жоқ.

Тәртіптік жазалар беру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

Аурухана қызметкерлерінің біліктілік талаптарының сәйкес келуі бойынша:

Аурухана қызметкерлерінің біліктіліктері «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Ауруханада ішкі талдау жүргізу барысында біліктілігі сәйкес келмейтін қызметкерлер анықталмады.

Қызметкерлерге қосымша міндеттеме жүктеу немесе екі жұмысты қатар атқаратын қызметкерлер туралы:

2023 жылдың қорытындысына сәйкес 16 қызметкерге (пайыздық мөлшерлеме 25-50%), 2024 жылы 11 қызметкерге (пайыздық мөлшерлеме 25-50%) өзге міндеттерді қоса атқару жүктелген.

Бір қызметкер екі лауазымды атқару барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмады.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде жасалатын рәсімдер:

Бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желілерге орналастыру:

Бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желілерге орналастыру бойынша заң бұзушылықтар анықталмады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Қызметкерлердің материалдық мүддесін, жақын туыстарының, жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты, Кәсіпорын шешім қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өзінің мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларын орындағаны үшін тұлға тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметтер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау бойынша, Кәсіпорындағы мүліктерді пайдалана отырып, заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру бойынша Кәсіпорындар қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысына жол беретін заң бұзушылықтар анықталмады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл Агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д.Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И хатына сәйкес, басшының медицина жөніндегі орынбасары Александр Седовович Шегайдың лауазымдық нұсқаулығында әкімшілік және ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілген.

3. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстарды ұйымдастыру:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан республикасының 2015 жылғы 18 қараша №410-V ҚРЗ Заңының 22-бабы 1-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылығы бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болды.

Талдау объектісі қызметкерлерінің басқару функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар болып табылатын, оларға теңестірілген адамдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған.

Талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған.

Талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер туралы жеке және заңды тұлғалардың шағымдары анықталмады.

4.2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:

Кәсіпорын ОСМС жасалған келісім шарт бойынша 2023 жылға 1 055 856,0 мың теңге бөлініп, 1 055 856, 0 мың теңге игерілген, 2024 жылға бөлінген қаржы 969 590,0 мың теңгені құрайды.

Қызметкерлердің іссапар шығындары бойынша:

2023 жылы мекеме қызметкерлерінің іссапар шығындары 3 599,0 мың теңгені құраған.

Жалпы 2023 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорында кредиторлық берешек болған жоқ.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

4.3. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар тек мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы үлгілік нысанда жасалған.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының талаптары бұзылмаған.

4.4. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету:

Кәсіпорынның әлеуметтік желілердегі парақшалары 2022 жылы тамыз айында ашылған.

4.5. Кәсіпорынға қатысты БАҚ-тағы жариялылығын қамтамасыз ету:

Кәсіпорынға қатысты резонанс туғызатын жариялымдар анықталмады.

4.6. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

Кәсіпорынға жеке және заңды тұлғалардан өтініштер тіркелген және мерзіміне сәйкес жауаптары берілген.

4.7. Ауызша немесе жазбаша шағымданған қызмет алушылар туралы:

Кәсіпорында қызмет алушылардың ауызша өтініштері күнделікті жұмыс барысында шешімін тапқан.

4.8. Өзге мәселелер:

Кәсіпорынның қызметінде қолданатын нормативтік актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар берілмеді.

Қорытынды:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталмады.

2. Кәсіпорында бұйрықтар мен өзгеде нормативтік құқықтық актілерді түзуде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптары сақталмағандығы анықталды.

1) Маусымдық жұмысқа қабылдау барысында мекеме бұйрықтары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарына сай рәсімделмеген;

2) Жұмыскерлермен еңбек шартын бұзу жұмыс берушінің бастамасы бойынша көрсетілген заңға сілтеме дұрыс емес;

3) Мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану кезінде заңнама талаптары сақталмаған;

4) Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс тобы төмендегілерді **ҰСЫНАДЫ:**

1. Кәсіпорында жеке құрам бұйрықтарын түзуде Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтауды.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп 14.07.2024 жылға дейін ұсынуды.

Жұмыс тобының мүшелері:

М.Н.Кыдырбаева

Н.А.Байдеуов

Е.Ж.Сыбанқұл

Ғ.Батырбекқызы

Ж.С.Мусабекова

